

Өмірді сақтандыру нарығына шолу

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

2022 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы

Кезеңнің негізгі тенденциялары

- 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында өмірді сақтандыру нарығының негізгі көрсеткіштері өткен жылдың жоғары базасына байланысты сақтандыру сыйлықақыларының көлемін қоспағанда, өсуді көрсетті.
- ӨСК активтері 7833,1 млрд (+753,4 млрд немесе 6,9%) дейін ұлғайды және бүкіл сақтандыру нарығының жиынтық активтерінің 42,3% құрады.
- Сол сияқты ӨСК активтері құрылымында бұрынғысынша едәуір үлесті бағалы қағаздар (82,2%) алып отыр, олардың көлемі 2022 жылғы 1 шілдеде 7684,6 млрд. құрады.
- ӨСК резервтері барлық құрауыштардың ұлғаюы есебінен 12,6%-ға өсті, алайда ең үлкен өсім өмірді сақтандыру шарттары бойынша болмаған залалдар резервтеріне келді (+37,2% немесе 740,0 млрд).
- Сектордағы шоғырлану өзгерген жоқ: өмірді сақтандыру нарығының шамамен 80% активтер бойынша бұрынғысынша төрт ірі компания алады: Халық-Life (30,3%), Nomad Life (29,2%), FFLife (13,3%) және Еуразия ӨСК (7,1%).
- 6М2022 ж. үшін сақтандыру сыйлықақылары 11,6%-ға төмендеді, бұл көбінесе өткен жылы зейнетақы аннуитетін сатып алуға деген ең жоғары сұраныспен байланысты.
- Өмірді сақтандыру бойынша төлемдердің 2,7 есе ұлғаюы есебінен төлемдер көлемі 33,2%-ға өсті. Нәтижесінде 6М2021 ж. салыстырғанда ӨСК нарығы бойынша сыйлықақыларға төлемдердің арақатынасы 8,3% - дан 12,5%-ға дейін өсті.
- Сақтандыру қызметінен ӨСК кірістерінің төмендеуі (11,9%-ға немесе 21,4 млрд.т) инвалютаны қайта бағалаудан түскен кірістермен ішінара нивелирленді (өсу 118,0 млрд.).
- Шығыстардың төмендеуін ескере отырып (8,0% - ға немесе 15,2 млрд.т) ӨСК таза пайдасы 6М2022 ж. салыстырғанда 35,4% - ға немесе 7,4 млрд. т өсті.
- Кіріс ӨСК нарығы бойынша меншікті капиталдың рентабельділігі 1,7% - ды (6М2021 Ж. үшін 4,1%) құрады, негізінен сектордың орташа өлшемді активтерінің өсуі есебінен нашарлады.

АКТИВТЕР

₸ **833,1** млрд
▲ 6,9%

САҚТАНДЫРУ РЕЗЕРВТЕРІ

₸ **604,7** млрд
▲ 12,6%

МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

₸ **148,5** млрд
▲ 4,2%

БӨЛІНБЕГЕН КІРІС

₸ **24,3** млрд
▲ 22,2%

САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ *

₸ **161,4** млрд
▼ 11,6%

ТАЗА САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ *

₸ **158,8** млрд
▼ 11,8%

САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ *

₸ **20,1** млрд
▲ 33,2%


ТАЗА САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ *

₸ **19,7** млрд
▲ 35,2%


Дереккөз: ҚРҰБ. Ескертпе: өсім бойынша деректер 6М2021 жылғы деректермен салыстырғанда келтірілген.

Активтер

Сектордың жиынтық активтері, ₸ млрд




Сақтандыру компаниялары бөлінісіндегі активтер, ₸ млрд




Активтердің құрылымы және өсу динамикасы

Сектор активтерінің құрылымы




Активтер құрылымының өзгеру динамикасы




Төлемдердің сыйлықақыларға қатынасы

Төлемдердің сыйлықақыларға қатынасы, Т млрд




Сақтандыру компаниялары бөлінісінде, Т млрд




Сыйлықақылар мен төлемдер

Сақтандыру сыныптары бойынша, Т млрд




Сыйлықақылар мен төлемдердің нысаналы мақсаты, Т млрд




Өмірді сақтандыру нарығының кірістері


Қызмет түрлері бойынша нарық кірістері, Т млрд



Таза пайда, Т млрд



Капиталдың орташа өлшенген кірістілігі (RoAE)



Кезеңнің қысқаша нәтижелері

2022 жылдың бірінші жартыжылдығында ӨСК активтерінің өсуі, негізінен, бағалы қағаздар көлемінің өсуі (+6,2% немесе 40,1 млрд теңге) және дебиторлық берешек (9,6 есе немесе 12,0 млрд теңге) есебінен болды.

Бұл ретте бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі кірістер өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 30,5%-ға ұлғайып, 6М2022 ж. Т31,3 млрд құрады.

Тұтастай алғанда, ағымдағы жылдың қаңтар — маусымында ӨСК кірістері 3,2%-ға немесе 6,8 млрд.Т, негізінен, зейнетақы аннуитеті бойынша сақтандыру сыйлықақылары көлемінің қысқаруы есебінен (6М2022 жылыТ37,1 млрд. т. 6М2021 жылы 72,3 млрд. т. қарсы) төмендеді. Естеріңізге сала кетейік, 2021 жылғы «аннуитеттік бум» аннуитеттік сақтандыруды сатып алу үшін қажетті зейнетақы жинақтарының шегін заңнамалық төмендетумен байланысты болды.

Сондай-ақ есепті кезеңде комиссиялық сыйақы төлеуге жұмсалатын шығындардың (-42,5% немесе Т19,9 млрд) және келісімшарттарды бұзуға байланысты шығыстардың (-16,7% немесе Т6,7 млрд) қысқаруына байланысты ӨСК шығыстарының төмендеуі байқалды.

Жалпы сақтандыру секторына қарағанда, ӨСК сыйлықақыларының негізгі көлемі корпоративтік секторға емес, жеке тұлғаларға (2021 жылдың қорытындылары бойынша 84,2%) тиесілі екенін атап өткен жөн.

Сонымен қатар өмірді сақтандыру өнімдері ағымдағы жағдайларда тартымды бола түседі. Осылайша, ӨСК өзінің сақтанушыларына сатып алу сомасы шегінде кез келген мақсаттарға, оның ішінде жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша кезекті сақтандыру жарналарын төлеу бойынша кейінге қалдыру түрінде қарыз беруге құқылы.

Зейнетақы аннуитетіне келетін болсақ, ол құны жеке аннуитеттерден төмен болатын бірлескен аннуитеттерді (ерлі-зайыптыларды немесе жақын туыстарды) енгізу есебінен көптеген азаматтарға қолжетімді болады.

Осылайша, бірінші жартыжылдықтағы көрсеткіштерді және халық тарапынан сақтандыру өнімдеріне сұраныстың өсу перспективаларын ескере отырып, өмірді сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері ағымдағы жылы жоғары ықтималдықпен өсуді жалғастырады.